

АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 31 (464)
04 тамыз, 2022 жыл

10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

«ЖОЛСЕРІК – САН САЛАНЫ ТОҒЫСТЫРҒАН МАМАН»

– Нұрхан

Ақыпбекұлы,

кәсіби

мерекеніңбен

құттықтаймын! Әңгімемізді

мамандық таңдаудан бастасақ. Бала

арманы кей адамды ұшқыш, ғарышкер

болуға жетелейтін анық. Сізге жолсерік

мамандығын таңдауға не себеп болды?

– Балалық шақта әрқилы маман иесі

болуды армандайтынмыз шыныдақ. Менің

де мамандық таңдауда таңдау-шешімім

сан тарапқа көткенім жасыра алмаймын.

Бірде полиция болуды мақсат тұтсам, енді

бірде дәрігер атанды қаладым. Алайда

ер жетіп, сана-сезім қалыптасқан шақта

таным-біліпке сай мамандық таңдайтын

кез келеді емес пе? Осындай сындарлы

сәтте жаңылыспай, техникалық салаға бет

бұруды жөн деп таптым. Арман жетегіммен

Қазақ гуманитарлық заң және техникалық

колледжінің түлегі атандым.

Осылайша, 5 жыл бұрын теміржол

саласының қыр-сырын жете зерттеп,

жолсерік жұмысының мән-маңызын

бағамдай бастадым. Көп өтпей, 2018 жылы

теміржол саласындағы алғашқы еңбек

жолым басталды. Қазіргі таңда «Марал-Нұр»

ЖШС-де жолсерік болып қызмет

істеймін.

– Теміржол саласының өзіндік

қиындығы бары белгілі. Ал жолсерік

болудың ауыртылуына атап

өтсеңіз...

– Әрине, әр саланың өз кемшілігі мен

артықшылығы бар. Жолсерік үшін ең басты

жүк – жауапкершілік. Жолаушылардың

қауіпсіздігін қадағалау, вагон ішіндегі

техникалық базаның кідіріссіз жұмыс

істеуін қамтамасыз ету басты міндетке

айналған. Оның үстіне күн-түні станциядан

жолаушыларды түсіріп-мінгізу үшін

қырағылық қажет. Осының барлығы

жолсеріктен жауапкершілік пен білікті талап

ететіні айтпаса да түсінікті. Алайда, бұл

саладан алашақтауға себеп емес. Атап

жұмыс түрлі адаммен байланыс орнату

қоғамдық өзгеріске куә болу, адамдардың

қарым-қатынасы мен мінез-құлқын «ө»

дегеннен аңдауға бейімдейді. Сондықтан,

жолсерік жолаушының көмекшісі ғана

емес, сан саланы тоғыстырған маман дегім

келеді.

– Қызмет барысында түрлі қалада

болып, қилы адам кезігеді. Әр

аймақтың тұрғындарының мінез-құлқы,

болмысындағы ерекшелікті байқап

алдыңыз ба?

– Дұрыс айтасыз. Географиялық

ерекшелік өзгерген сайын

адамдардың мінезі, ойлау

қабілеті, тіпті тілі де

өзгеретініне куә

боламыз.

Қарапайым

адамға

білінбегенмен,

апта сайын түрлі облысқа

сапарлайтын жолсерік үшін мұндай

ерекшелік бірден айқындала түседі.

Айтып өткенімдей, біздің мамандық сан

бағытты тоғыстырған. Соның ішінде

адамдармен қарым-қатынас, психология

саласы жақындау. Сол себепті өзгерісті

тез байқауға жол ашылады. Мәселен,

Қызылорда-Павлодар бағытында сапар

өзара тілдік, мінез өзгерістері байқалады.

Қызылордалықтардың басым дені қазақ

тілінде сөйлеп, мінезі ашық болса,

Павлодар тұрғындары орысшаға жақындау

әрі өмір сүру дағдылары бөлек.

– Халық арасында пойыздардың

саласына көңіл толмастық басым.

Теміржол саласындағы жолаушылар

тасымалы көрсеткішіне қандай баға

берер едіңіз?

– Кемшіліксіз сала болмайтыны белгілі.

Алайда, қолда бар мүмкіндікті пайдаланып,

өзгеріске ұмтылса, кез келген оқылықты

түзетуге болады деп санаймын. Бұл

ұстаным теміржол саласына да қатысты.

Вагон, сервис көрсеткіші мүмкіндікке қарай

жыл сайын жаңарып, үздіксіз даму үстінде.

Сондықтан алдағы уақытта жолаушылардың

талап-тілегін толық қанағаттандыратын

дережеге жететініміз анық.

Осы орайда маңызды жайтты атап

өткім келеді. Халықпен байланыс орнату,

көпшілікпен жұмыс істеу қашанда қиын.

Бәріне бірдей жағып, көңілден шығу да

мүмкін емес. Басты мақсат – әлемдік

стандарттарға қарай бой түзеп, сала

жаңалықтарын уақытылы енгізу. Сонда

ғана сыншылар да, халық та риза болмақ.

– Әріптестеріңізге мерекелік

лебизіңізді білдірсеңіз.

– Теміржол саласындағы мамандарды

кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Ел

өмірінде ерекше орын алатын бағытта

абыройға кенеліп, саланы өркендету

жолында білім-біліктіңізді

көрсете білуге

тілекшімін.

– Әңгімемізге

рақмет!

Сұхбаттасқан

Ерсін

ШАМШАДИН



Абай – Гималай. Қазақ дана да, дара тұлғасын жер бетіндегі ең биік тауға төнеген. Аспанмен астасқан алып таудың алыстаған сайын биіктейтін сынды әзірге шыңына шығып, Гималайды толық тану – өлге парыз. Осы уақытқа дейін Абай тақырыбын арқау еткен зерттеулер біртұар тұлғаның болмысын аша түскені рас. Өйтсе де ақынның өзі айтқандай «жұмбақ адам» екенін де жоққа шығара алмаймыз.

Абай өмір сүрген қоғамның қалпын, ол білім алған ортаны Мұхтар Әуезовтың шығармасын оқыған оқырман жатқа біледі. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, Мыңмен жалғыз алысқан» ақынның ғұмыры көптің түсінгінде күрделі сюжетпен өріледі. Бірақ жазушы Төкен Әлімқұлов Абай өмірін өзгеше көркемдейді: «Абай өмірі – ғажап өмір. Бесікте әнмен әлдиленген ол көшпелі елде, әртүрлі рулардың салпында әсершіл боп өседі. «Махаббат пен ғадауатқа» ерте қанығады. Тіршіліктің шұғылалы жағы мен көлеңкелі жағын түгел таниды. Бармағынан бал тамған өнерпаздарға қызыкса, қарапайым жандардың ішкі сұлулығына сүйсінсе, үй ішіндік, рулық, таптық шәркездіктерге жауап іздеуге тиісті болады. Бұған құбылмалы табиғаттың әсерін қосыңыз. Шыңғыстау атырабы кектемде құлпырып, жазда шалқиса, күзде қуарып, қыста қылышын сүйретіп шыға келеді. Жайлы мәуіртте желпіндірсе, жайсыз шақтарда шынықтырады. Алмасқан дүние, қайшы өсер!

Ақын – заманның, жағдайдың, ортаның түлегі. Қөзбен көрген, жүреппен сезген, бастан көшірген жайт көңілдің түкпірінде, мидың қатпарында ұзақ сақталады. Осының барлығы кейін ол есейгенде, әлемнің ақ-қарасын анық ажыратқанда, қиялға қамшы, болжамға баян болады. Тамырсыз өсімдік еспесе, тамырсыз пенденің кітаби білімі ұзаққа бармайды» дейді ол.

Абай өлемін тану екінші бірінші қолынан келмейтін алдыңғы буын дәлелдеді. Десе де бұл тақырыпқа құлаш сермеп, тереңдете зерттеген ғалымдар аз емес. Сөйкесінше ақын жайлы дерек те көп. Әрқайсысы аңыз адамды жаңа қырынан танытады. Соның арасында белгілі сыншы Тұрсынжан Шалайұлы Абайдың шығармашылыққа не үшін кеш келгенін былай

түсіндіргісі: Абай қырықта болатын... Шығармашылықта "ерте ашылатын, кеш ашылатын индивидуумдар болады" дейді XX ғасырдың ұлы ақындарының бірі, әйгілі әдебиет теоретигі, сыншысы Т. Элиот. Жалпы, ол кісі айтпаса да белгілі жай. Сирек те болса, кездесетін шыныдақ. Уитмен отыз жетісінде

"кенет" ұлы ақын болып оянады. Шығармалары сопылық поэзияның шыңы болып есептелетін Жалаладдин Румидің қалып жатқан ұлы дарыны қырықтан аса бере дүр сілкінеді...

Абай ақындық өнерге мән бермей немесе "дайындықпен" жүріп қалды дегенге сенбеймін. Рас, пісіп-жетіп деген де бар шығар, бірақ, анығында, табиғи гений, кезі келгенше, күні

туғанша көзін таппай тұмса жататын құпия қутқа ұқсайды. Бұйрықты күні өзі ашылады, я бір түрткі оятады. Қырықтағы Абайдың өлеңге келуі – өзінің құдіретті тегуінен қанерсіз, тынық жатқан тегелейдің, қордаңын астында бұғып жатып қоздаған шоқтың алпапты айқара лап қойған алапат өртіңдей орасан құбылыс... Ғажайып таулар, керемет көлдер – бір көздері жер бетінде болған ұлы апаттардың салдары. Гений де сондай бір рух сілкінісі. Қазақ санасының жанна рельефин жасаған Абайдың шығармашылық қажыры да осы бейнелі.

Жазушы Сәбит Мұхановтың жазбасында Абай мұрасын зерттеу алғаш Алаш қайраткерлерінің мақалаларынан бастау алғаны айтылады. Содан берілі дара тұлғаны тану, білу үрдісі тоқтаған емес. Биыл ақынның туғанына – 177 жыл. Мемлекеттік мереке ретінде бекітілген күннің қарсаңында барша жұрт Абай мұрасына қайта бас қояды. Бұл – аңыз адам мен халық арасындағы сабақтастық екені ақиқат.

Гүлдана
ЖҰМАДИНОВА

«МЕН БІР ЖҰМБАҚ АДАММЫН, ОНЫ ДА ОЙЛА»

ЕЛІАҒАН ҮНІ ЕСТІЛСЕ...

Сырттан қонақ келгенде үйді реттеп, «әртис» киім киіп аламыз. Басты ой – жақсы көріну. Ал, алдымен еденде жылтырап жатқан кілем көзге оттай басылады. Тіпті, оны аяғыңмен басқың да келмей қалады. Ендігі кезекте осы мысалды қала жағдайына қатысты пайымдасақ. Қалаға зәулім арқа қойылды. Баннерлер мен түнгі қаланың түрлі-түсті шамдары көз жауын алады. Әдемілігі сонша келген адам кері қайтқысы жоқ. Ордамыздың шаңы мен желі ыстық, оның үстіне қолдан келгенше заманауи қалаға айналдырудамыз. Алайда, шешілмеген мәселе жоқтың қасы емес. Бәрін айт та, бірін айт, алдымен көзге жолдың түсетіні анық. Жылтыраған күйімен емес, өріне. Сондықтан «Жол азабы – көр азабы» мақалы бізге жақсы таныс.

2
бетте

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қызылорда қаласында халық саны жыл санап артуда. Жүретін аяқ та, дөңгелейтін дөңгелек те көп. Сөйкесінше жолдың «жыры» мықтап бекіген түінді мәселеге айналды. «Өңірде автомобиль жолдары қашанда өзекті. Биыл бұл бағытта аймақта қарқынды жұмысты байқауға болады. Атап айтсақ Арал ауданының жол желісін дамытуға 1,9 млрд теңге, Қармақшы ауданына «Самара-Шымкент-Ақжар-Көмекбаев» автомобиль жолын күрделі жөндеуге және Жосалы кентінің 12 көшесін орташа жөндеуге 305 млн теңге, Жалағаш ауданының жол желісін дамытуға 576,7 млн теңге, Қазалы ауданының жолын жақсартуға барлығы 1,8 млрд теңге бөлінді» деп айтқан болатынбыз. Әлсіқсасын айттық, енді саралап, тарқатайық.

Тұрғындардың кезекті уәжі – жаяу жүргіншілер жолының аздығы. Діттеген жеріне екі аяқпен жетуді қалайтын тұрғындар кей кезде темір тұлпарларға арналып салынған асфальтта жағаласа жүреді. Жүргізушілердің бірі шамданса, бірі бұл жағдайға сабырмен қарайды. Мұндай жағдайда жаяу жүргінші асфальтпен немесе бүркіраған шанның арасымен өтеді. Себебі, жүргіншіге арналған арнайы жол жоқ. Барлығы емес, бірақ сын

басып өтуге қорқатын оқушылар. Иә, дұрыс оқыдыңыз, оқушыларды айттық! Тәуелсіздік даңғылы көшесі тұрғындарының басты қорқынышы 9 ай бойы балаларының мектепке қатынайтын көшесінің қауіпті болуы. Осы айтылған аумақтан Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейіне баратын жалғыз жол – М.Сужиков көшесі.

– Тәуелсіздік даңғылы мен Демесінов көшесінен Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейіне жүздеген оқушы барады. Алайда, білім ошағына қатынайтын жолдың жайы алаңдарлық. Себебі, М.Сужиков, Төле би көшелерінің қиылысы өте қауіпті. Аумағы тар, екі жақтан көлік жүреді. Бала түглі үлкендердің өзіне қиындық туады. Мектеп алдында, нақтырақ айтсақ, Әбілхайыр хан көшесінде барлығын жол полициясы бақылауда ұстайды. Ал,

жүру өте қиын. Жаяу жүргіншілер көп және бұрылыс өте қауіпті. Үлкен автокөліктер кезіксе, жаяу жүргіншілердің жиекке шыға алмай қалатынын өз кезімізбен көреміз, – деп жағдайды пікірді «Yandex Go» таксисінің қызметкері Әбен Төкешов. – Осы аймақтың тұрақты тұрғыны ретінде М.Сужиков көшесінің жағдайына басшылықтың назар аударғанын қалаймын. Жаяу жүргіншінің көздеген жеріне аман жетуі үшін тротуар салып берсе дейміз.



оған

дейінгі Демесінов көшесі, Есенов көшесінен Алтынсарин көшесіне дейін жаяу жүргіншілер жолын орналастыру үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Облыстық бюджеттен қаржы бөлінсе, жұмыс басталады, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоласушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жетекші маманы Бердібек Шекенов.

Жаяу жүргінші жолының салынбайтынын естіген тұрғындардың арасынан басшылыққа тағы да ұсыныстар түсті. Қала тұрғыны Гүлнәр Мейірбекова көшенің жаңбыр мен қар күндері мүлдем қолайсыз болатынын ескере отырып, М.Сужиков көшесін автомобильдер үшін бір бағытта жүруге ауыстыруға ұсыныс айтты. Осы сауалды толықтыра түсінік үшін ҚПП әкімшілік полиция бөлімінің жол-техника инспекциясы тобының қызметкерлерімен тілдестік. Түсіндірме жұмысы барысында көшенің бағытын бір бағытты қылу үшін жасалатын іс-шаралар түсіндірілді.

Екі тарапқа ортақ автомобиль жолдары кездесетін басқа да көшелер бар. Біз соның бірін ғана айттық. Жол мен жаяу жүргіншілер жолы өз шешімін табады деген ойдамыз.

Әлия ТӘЖІБАЕВА

БОЛЖАМ ФОРМУЛАДАН ТҰРАДЫ

Тамызда коронавирус инфекциясын жұқтыру деңгейі өршітін туралы болжам бар. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сүйенсек, сырқаттанушылар саны тәулігіне 4 мыңға дейін өсуі мүмкін. Дегенмен, қыркүйекте деген ақпар кездеседі. Осы болжамдарға сай қазір еліміздің бірнеше қаласында карантиндік талаптар қайта күшейді. Коронавирустың жаңа толқыны тұрғындарға қалай әсер етуі мүмкін? Вирустың қауіптілігі қандай? Халық арасында таралған вирус мутацияланған ба? Мәселенің мән-жайын білу үшін мамандардың пікіріне жүгіндік.



Вирус таралғаны вакцинаға деген сұраныс жағрылады. Бйтсе де қоғам коронавирустан толықтай айыға алмай келеді. Қазір елімізде екпенің 3 түрі (QazVac, Sinopharm, Pfizer) ұсынылып отыр. Оның 1 млн 350 мыңнан астам дозасы бар.

Денсаулық сақтау министрі Ақжар Ғинайтың айтуынша, жыл соңына дейін тағы 500 мыңдай QazVac және балалар мен жүкті әйелдерге Pfizer-дің 300 мың дозасын алу көзделуде.

«Астана медицина университеті» КеАҚ Ш.И.Сарбасова атындағы микробиология және вирусология кафедрасының оқытушысы Аяз Әбдірахымұлының айтуынша, қазір тұрғындар омикрон штаммымен күресуде.

– Коронавирустың жаңа толқыны болады деп нақты сеніммен айту қиын. Халық арасында ковидке қарсы жаппай екпе жұмыстарын жүргізу арқылы біз жаңа толқының алдын алдық, сол үшін мемлекеттік деңгейде жұмыстар атқарылды. Дегенмен, вирус – тірі ағза, азғалық әлемнің бір бөлшегі. Ол өзінің жоспарын бізбен бөліспейді. Кімге және қай уақытта шабуылдайтынын біз білмейміз, тек болжай аламыз. Вирустың қауіптілігіне қазіргі деңгейде баға беретін болсақ, алдымен нақты қай штамның үстем болып тұрғанын анықтау керек.

Естеріңізде болса, 2021 жылдың күзінде болған пандемияның соңғы толқыны «омикрон» штаммының таралуымен ерекшеленген еді. Омикрон – SARS-CoV-2 вирусының жаңа штаммы. Халықты үрейлендірген аурудың жоғары деңгейде қайта таралуы да аталған штаммен байланысты. Денсаулық сақтау министрі келтірген мәліметтерге сәйкес елімізде ең соңғы болып «омикрон» штаммы сақталған. Оның ішінде «Омикрон BA.5» штамасы (подштамм) екені де тілге тиек етілген. Омикронның дельта-штаммен салыстырғанда екі түрлі ерекшелігі бар: ауру дельта-штамға қарағанда жеңілрек өтеді, бірақ таралуы өте жоғары және бұрын ауырғандар

мен вакцина алғандар да жұқтыруы мүмкін. Өрине, халық арасында таралған вирус мутацияланған. Коронавирустардың сыртқы пішіні төгіге ұқсас екенін айттық. Міне, омикрон штаммының сол тәждері – ғылыми тілмен айтсақ вирустың суперкаспидін құрап тұрған липопротеиндік қабықшалардан шығатын өсінді теріздез айқын құрылымдар, яғни омикронның пепломерасы ауыздардан (S белоктан) тұрады. Ғалымдар осы ауыздарды қодтайтын гендердің 30-дан астам жаңа мутациясын анықтады, – дейді маман.

Қазіргі қоғамда карантин тақырыбында таралған ақпарат көп. Соның бір парасы әлеуметтік желіде «қыркүйек айынан бастап жол тасымалы тоқтайды», «жаппай карантин басталады» деген сынды мәтінмен тұрады. Осы орайда көпші көкейінде «өткен жылғы карантиндік күшейтулер биыл да қайталануы мүмкін бе?» деген сауал тұрады. Халықтың денсаулық жағдайын көзге алуы орынды, алайда жалған ақпаратты таратушылар мен негізсіз мәтінге сенушілердің қарасы өлі де көп.

– Кімде-кім қанша жерден маман болса да, алдағы күнді түспалдай алмайды. Жоғарыда атап өткенімдей, бұл вирустың жоспарын тек болжай аламыз. Бұл бір кісілердің екеу ара шай ішіп отырып болжауы емес, ғылыми институттарда, жоғары оқу орындарындағы, мамандандырылған орталықтардағы ғылыми қызметкерлер мен мамандардың жұмысы. Олардың ең негізгісі –

эпидемиологиялық талдау. Еліміздің бас санитар дәрігері, министр тұрып елдегі жағдайға эпидемиологиялық болжам айтқан кезде халық арасында «осылар-ақ қайдан біледі», «болжағыш екен» деп айтып жататынын құлақ естіп жүр. Елдің алдына шығып бір ауыз тұжырым айту оңай емес.

Мұның артында қаншама зерттеулер, эпидемиологиялық формулалар мен есептеулер жатыр. Әлеуметтік желіде таралған хаттардың тағдыры 2-3 күнге ғана созылып жатыр, байқасаңыз, сол ақпараттардың жалған екені расталуда. Ғылыми тілді қабылдай алтын, түсіне алатын білімді азаматтар болса ғаламторды ашып көз-келген сұрағанына жауап таба алады. Ең маңыздысы оқыған мәліметтерді дұрыстап талдай білу керек. Оқыған ақпараттан «Мұнда не туралы жазылған?», «Кім жазған?», «Қандай дәлелдер келтірілген?», «Мен осы ақпаратты тарату арқылы біреуге зиянын тийім е немесе қандай да бір пайда келтіре аламын ба?» деген сауалдарға жауап іздеген дұрыс, – дейді жалпы практика дәрігері.

Бүгінде Covid-19-ға қатысты жаңа ақпараттар мерзімді түрде арнайы сайттарда жариялануда. Бірақ әлеуметтік желілерде сан түрлі пікір бар. Осы орайда арнайы зерттеулерге сүйене отырып жазылған медициналық деректермен де белсінді жөн көрдік. Covid-19-бен ауырудың нәтижесінде күрделі зардаптардың болуы ықтималдығы вакцина алғаннан кейінгіге қарағанда әлдеқайда жоғарылаған. Сондай-ақ екпе салдырғаннан кейін (екпенің әсерінен) Covid-19-бен ауырып қалуы ықтималдығы 0-ге тең. Covid-19 вакциналары ауру тудыруы мүмкін емес, себебі вакцинаның құрамында тірі вирус жоқ. Алкоголь ішу, метил немесе этил спирттерін қабылдау, ағартқыштар мен дезинфекциялау құралдарын пайдалану қауіпті және аталған заттар Covid-19 алдын алуға көмектеспейді. Сарымсақ, ашы қызыл бұрыш жеу, мұрынды үнемі түзді ерітіндімен шаю да Covid-19-дың емі саналмайды.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



— Алтынай Романовы, жеңіс құтты болсын! Республикалық байқауда бас жүлдені иеленуіңіз — аймақ үшін үлкен жеңіс. Аталған байқаудың негізгі ерекшелігі неде?

— Құттықтауыңызға рақмет! Байқаудың ерекшелігі — тіл оқытудағы артықшылықтарды саралау, ұлт ұстазы, реформатор А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын

қылы тіл тағдырына немқұрайлы қарамайтын қалың оқырман қауымға пікір білдіру, баға беруге мүмкіндік туды. Келесі кезең қазақ тілін оқытудағы жинақтаған тәжірибеміз арқылы авторлық бағдарламаны қорғадық. Оған қазылар алқасы баға берді. Үшінші кезеңде Ахмет Байтұрсынұлының зерттеушілік мол мұрасына, еңбектеріне, ғылыми тұжырымдамасына қатысты дайындалған сұрақтарға жауап бердік. «Қазіргі таңда жаңартылған бағдарлама бойынша қалай оқытқан тиімді?» деген секілді сұрақтар қойылды. Соңғы шешуші кезең арнайы сынама топтың қатысуымен жағдаяттық түрде өтті. Біз тіл үйренушілерге сөйлеу әрекетінің төрт түрі — оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым бойынша тапсырма беріп, жұмыс істедік

— А.Байтұрсынұлының еңбектеріне басымдық берілуі аталған сайыстың маңызын арттырса керек. Байқаудың үшінші кезеңі ғалым мұрасына қатысты сұрақтарға қарсылық білдірді. Бұл орайда қалай дайындалдыңыз? Ғалымның ғылыми еңбектерімен толық танысуға мүмкіндік туды ма?

— Әрине, тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлының еңбектерін оқу тек байқау кезінде мазмұнға ие болмақ емес. Кез келген ұлттың сүйер тұлға ұлт ұстазының мұрасын көздің қарашығындай сақтап, ой зердесіне тоқып өсуі тиіс. Автордың «Тіл-құрал», «Баяншы», «Әдебиет танытықш» атты еңбектерін тек тіл білімі ғана емес, педагогика, әдістеме саласынан мол мағлұмат береді. Жарыс кезіндегі дайындығым бұрынғы білетінімді арттыра түсті. Ұлт ұстазының көп еңбектерімен таныстым.

— Республикалық байқау өзара пікір алмасу, тәжірибе жинаудың таптырмас мүмкіндігі екені анық. Байқау барысында түйген ой-пікір, есте ұстаған жаңалық бар ма? Тіл мамандары өзара байланыс орнатуға қаншалықты ықылас білдірді?

— Байқау ерекесі жасалған сәттен бастап ұйымдастырушылар әлеуметтік желі арқылы үміткерлерді қажетті ақпаратпен таныстырды. Жетекші әдіскерлердің айтуынша, биыл сынға түскен үміткерлер әр өңірдің үздіктері. Байқау кезінде жаңа идеялар қоржыны толығырақ түсті. Біздің бір үйдің баласындай емен-жарқын араласып, өңірдегі тілдік ахуалмен бөлістік. Біздің міндетіміз — өскелең ұрпаққа аға буын қалдырып кеткен мол мұраны жеткізу.

Жаңартылған бағдарлама бойынша жеткіншектерді тәрбиелеу. Тілді насихаттауға таным қажет. Сондықтан алдағы уақытта ортақ мақсат жолында бірлесу әрекеттеріміз анық. — Сыр өңірі қазақтілді орта екенін білеміз. Өңірде тіл мәселесі де аса өзекті емес. Мұндай ерекшелік тілдің дамуын, өткенін зерттеп артықшылық бола ала ма? — Халықтың басым дені қазақ тілінде сөйлейтін. Сыр өңірінде тілдік мәселе жоқтай көрінуі мүмкін. Алайда, қазақ тілінің аясын кеңейту, тіл үйрету ісінде атқарылып іс мол. Қолға алынған жоба да жетерлік. Мәселен, орталықта А1-қарапайым, А2-базалық деңгей бойынша білім алып жүрген өзге этнос өкілдерінің саны артып келеді. Мемлекеттік қызметшілер арасында ұйымдастырылатын дәстүрлі жазба жұмыстарының да өңірде тіл мәселесін шешуде рөлі зор. Сондай ақ «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алушылар мен магистратура, докторантураға үміткерлердің құжаттар тізбесіне «Қазтест» сертификаттың қосылғаны да тілдік ахуалды көтерудің алғышарты деп білемін. Тіл орталығы жұмысының бір парасы «Қазтест» сынағымен өлшенеді. Өңірдегі ерікті тұрғындардың сұранысы бойынша «Сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас тілі» курсы, кәсіпкерлер үшін «Қазақтілді кәсіпкер» курстары үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Сондықтан бұл арқылы тілдің дамуында зерттелуінде артықшылық болады деп айта аламын.

— Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Е.ЯКУДАЕВ

«АЛТЫН БЕЛГІ» — ҰЙҚЫСЫЗ ТҮН МЕН ҰЙҚЫСЫЗ ІЗДЕНІС ТЫНЫМСЫЗ

— Нұрай, әр оқушының арманына айналған «Алтын белгі» қол жеткізгеніңізді білеміз. Бұл — білім алу мен оқуға деген құлшыныстың жемісі. Сіз үшін аталған белгінің маңызы неде? Қандай жауапкершілік жүктейді?

— «Алтын белгіге» үміткер болған шақта ата-анадан бастап мектеп ұқымына дейін сенім артып, жауапкершілік жүктейтін белгілі. Оқу үлгерімі ғана емес, үлгілі оқушы ретінде мінез-құлық қалыптастыруға да ықпал етеді. Қоғамдық жұмыс, ғылыми ізденіс, тәлім-тәрбие шарасына белсене қатысу сараланады. Яғни, «Алтын белгі» — бар бағытта үздік болу. Мен де осындай кезеңнен өттім. Туған-туыстарым қолдау көрсетіп, мәртебелі төсбелгіні алатыныма сенім білдірді. Жаппы мен үшін бұл статус маңызды. «Бір асу бір асудан биік» демекші, төсбелгіні алуға деген ұмтылыс өмірдің биік белесіне қадам жасауға құлшыныс беріп, сенімділік сыйлады. Көп ой туюға де көмекті тигені жазырын емес. Осы тұста мектеп ұстаздары мен ата-анам алғыс білдірім келеді. Әсіресе, білім нәрін берген Жұмағұл Иманбаеваның қолдауын ерекше сезіндім.

— «Алтын белгі» туралы көптеген тапталуын бар. Бірі оған қол жеткізу үшін бастауыштан білімнің дәлелдеу керек десе, екіншісі оқудан бас алмау ғана биікке шығарады деп санайды. Жалпы, «Алтын белгі» алудың құпиясы бар ма?

— Әрине, төсбелгіні иелену оңай жұмыс емес. Көп күш, қажырлы еңбек қажет. Оны алудың айтарлықтай құпия әдісі бар деп айта алмас едім. Керекі — табандылық пен мақсат. Мектеп қабырғасында оқылатын пәндерді игеруге қызығушылық молайыл, тынымсыз ізденіс болса, «Алтын белгі» ауыр жүк емес. Алайда, ескеретін жайт бар. Оқушылар «Алтын белгіні» қорғауды емес, білім жинауды көбірек ойласа екен. Дайындық барысында да бір сәттік мерейді мақсат тұтпай, өмірлік серік болатын білімге ұмтылу жеміс береді. Сонда ғана нәтиже шығатынына сенімдімін. Бұл — менің тәжірибем.

Тағы айтарым, оқушы бойында еңбекқорлық, алғырлық қасиеттері болса, төсбелгі алу қиынға соқпайды. Бастысы — еңбек. «Алтын белгі» — ұйқысыз түн мен тынымсыз ізденіс. — Мұндай жетістікке қол жеткізу үшін табандылық, сабыр керектігін білдіріп, Жүйелі оқуды бізге үшін құрбылармен сөйлеп құрудан бас тартқан, достармен қыдыруды кейінге қалдырған сәт көп болды ма?

— Иә, оқу жылында достармен кешкі серуен, кездесуді біршама кейінге қалдырғаным рас. Себебі, бар назарым пәндік сынақ пен

ҰБТ-да болды. Өзгеге аландамай, дайындықты күшейту үшін жүйелі түрде оқыдым. Ал жүйелі ізденіс артық уақыт қалдырмайтынын білеміз. Құрбы-құрдастармен басқа уақытта да кездесуге болады. Оның үстіне «Алтын белгі» иегерлеріне талап күшейді. Апта сайын емтихан тапсырып, қатемен жұмыс істеуге дағдыландық. Шынында, құрбы-доспен сөйлеп құрып, көңіл көтергің келеді. Алайда, мақсатқа жету үшін кейбір кедергілерден бас тартқан дұрыс. Жыл сайын мектеп бітіруші түлектер солай жасайды деп ойлаймын.

— «Алтын белгі» оқуға көп уақыт бөлудің нәтижесі ме, әлде алған білімді сіңіре алуды жемісі ме?

— Әрине, білімді сіңіре алудың жемісі. Оқуға көп уақыт бөлу мен алған білімді сіңіру екі түрлі нәрсе. Қаншама уақытынды оқуға бөліп, бірақ түк нәтиже шықпаса, уақыттың зая кеткені емес пе? Түсініп оқып, керек жерін түтіп алып, білімді бойыңа сіңіре алсаң, болашақта көп көмегін тигізеді. Осы орайда мұғалімдердің де еңбекі ақталды.

— Үміткер болу бір бөлек, «Алтын белгіні» қорғау басқа белес. Быылғы өзгеріс қаншалықты әсер етті? ҰБТ-мен қатар келген «Алтын белгі» сынағы қиынға соқпады ма?

— Быыл «Алтын белгі» иегерлеріне талаптың күшейгенін естігенде қобалжу басым болды. «Қорғай алмасам не болмақ?»,

«Төсбелгіге үміткер болудан бас тартсам қайтеді?» деген күдік болды. Дегенмен, өзіме, 11 жыл бойы алған біліміме сеніп, бар қорқынышты тежеуге мүмкіндік алдым. Қаншама адам үміт артып отырған соң сенімді ақтаймын деп мақсат қойдым. Арнайы дайындалған тест кешені өте күрделі болды. Жауап беру де қиынға соқты.

Кей оқушы «Алтын белгі алсам кез келген оқу орнына арқын түсемін» деп ойлайды. Бұл — қате пікір. «Алтын белгі» мен ҰБТ екі бөлек дайындықты қажет етеді. Мен де дайындықты екі есе күшейттім. ҰБТ мен «Алтын белгіні» қорғау аарналған тестке қатар дайындалып, табандылық көрсете білдім. Екеуіне бірдей дайындалу, күн-түні оқу оңай болмады. Танертең мектепке кеткеннен үйге тек кешке оралатынымын. Күн тәртібі де тығыз болғаны бар. Мысалы, мектепте апта сайын емтихан тапсырып, қатемен жұмыс жасап, пен мұғалімдерімен дайындалсақ, түсі уақытта дайындық курсына барып кешке дейін ізденетінмін. Кешке тағы да курсқа кетемін. Міне, осындай еңбектің нәтижесі ақталды. Кез келген мақсатқа жету үшін тәзімділік қажет. Қанша қиын болса да, берілмеу қажет.

— Алдағы жоспармен бөліссеніз.

— Бұл асудан да өттік. Енді алда тағы бір биік күтіп тұр. Ол — білікті маман болу. ҰБТ-дан 116 балл жинадым. Тандаған

мамандығым — қазақ тілі және әдебиеті пен мұғалімі. Алда грант иегері атанып, 4 жылдық оқымды үздікке аяқтауды көздеп отырмын. Білімді жетілдіру

үшін өзімді біршама салада сынағым келеді.

— Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Берен ШАҒЫРОВА



Әрбір оқушы алдығы буынға қарап бой түзеп, білімнің шыңына шығуды көздейді. Әсіресе, «Алтын белгі» иегері атану құрметіне қол жеткізу үшін өзгеден артық талпынып, басқадан ерек ізденеді. Быылғы мектеп түлегі Нұрай Абушехман да — білімі арқылы биікті бағындырғандардың бірі. Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің түлегі артылған жүкті абыроймен өңсере білген.

Сұхбаттасқан
Берен ШАҒЫРОВА



Азық-түлік бағасы күн сайын қымбаттауда. Десе де жалақы мардымсыз. Аз жалақыда жұмыс істейтіндер қатары көп. Оның үстіне көп балалы отбасыларға да азық-түлік алу қиындап барады. Осыны ескерген Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында «2021 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысында халық табысы азайып кеткенін» атап өтті. Расымен, Қызылорда өңірінде соңғы 2 жылда халықтың табыс көлемі төмендеп кеткен. Мәселен, 2019 жылы халықтың нақты қаржылық табысы алдыңғы жылмен салыстырғанда 109,4 пайыз болса, 2020 жылы өсу динамикасы біршама төмендеп, 103,8 пайызды құраған. Ал 2021 жылы бұл динамика тіпті төмендеп – 99,9 пайызды көрсетті. Осыған орай біршама мамандықтардың жалақысы көтерілмек. Мәселен спорт, мәдениет саласы, мұғалімдердің жалақысына 25 пайыз қосылмақ. Одан бөлек басқа да салаларды қамтамасыз ету қарастырылған.

Азық-түлік бағасы күн сайын қымбаттап жатыр. Десе де жалақы мардымсыз. Аз жалақыға жұмыс істейтіндер қатары көп. Оның үстіне көпбалалы отбасыларға да азық-түлік алу қиындап барады. Осыны ескерген Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында «2021 жылдың қорытындысымен Қызылорда облысында халық табысы азайып кеткенін» атап өтті. Расымен, Қызылорда өңірінде соңғы 2 жылда халықтың табыс көлемі төмендеп кеткен. Мәселен, 2019 жылы халықтың нақты қаржылық табысы алдыңғы жылмен салыстырғанда 109,4 пайыз болса, 2020 жылы өсу динамикасы біршама төмендеп, 103,8 пайызды құраған. 2021 жылы бұл динамика тіпті төмендеп – 99,9 пайызды көрсетті. Осыған орай біршама мамандардың жалақысы көтерілмек. Мәселен спорт, мәдениет саласы, мұғалімдердің жалақысына 25 пайыз қосылмақ. Одан бөлек басқа да салаларды қамтамасыз ету қарастырылған.

100 ОҚУ ГРАНТЫ БЕРІЛЕДІ

— Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің лауазымдық жалақысын 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 25%-ға ұлғайту қарастырылса, ағымдағы жылы мұғалімдердің жалақысын ұлғайтуға республикалық бюджеттен 65,4 млрд теңге бөлінді, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, және мәдениет саласы мамандарының еңбекақысы жоғарылату үшін республикалық бюджеттен 4,3 млрд теңге бөлінді. Тағы бір айта кетерлігі, биылдан бастап облыс бойынша білім беру ұйымдарының педагогтері, медициналық-әлеуметтік мекемелерінің, үйде қызмет көрсету, жұмыспен қамту орталықтарының басқарушы, негізгі персоналдарының жұмыскерлерінің, медицина және фармацевтика қызметкерлерін қоспағанда азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйым қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларын 2 есеге артыру тапсырылды. — деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жұмабекұлы.

Біздің жұмыс-сыздық мәселесі белең алып

келеді. Бос жұмыс орындары бар. Жәрмеңке де ай сайын өтіп тұрады. Басты мәселе — жұмыс істегісі келгендер қатарында қол жұмыстарға бағрысы келетіндер қатары аз. Бұл жыл сайын айтылып келе жатқан күрделі мәселе. Десе де құрылысшы, инженер сынды мамандықтарға барысы келетін жастар қатарының аз екенін басқарма басшысы да жасырмады. «Бос жұмыс орындарына» жәрмеңке өткізіліп тұрады. Құрылыс саласы да кеңейіп келеді. Қаншама мамандықтарға жұмысқа адамдар іздетіріліп жатыр», — деді ол.

Биыл Сыр жастары үшін облыс әкімінің гранты берілмек. Облыстың еңбек ресурстарының жағдайына сәйкес маман тапшылығын және алдағы уақытта өңірде жүзеге асырылатын бірқатар

— Гранттар білім, ауыл шаруашылығы, өндірістік және өңдеу, инженерия және инженерлік іс, ветеринария, журналистика және ақпарат, әлеуметтік ғылымдар, мәдениет және денсаулық сақтау салаларына бағытталған. Өздеріңізге белгілі, мемлекеттік грант конкурсына талапкерлерден өтінім қабылдау 22 шілдеде аяқталды. Конкурс нәтижесі тамыз айының 10-ына дейін жарияланады деп күтілуде, — деді басқарма басшысы.

Мемлекеттік грантқа иіле алмай қалған әлеуметтік ахуалы төмен, белгілі санатқа жататын отбасылардан шыққан талапкерлер облыс әкімінің грантына үміткер бола алады. Құжаттарды қабылдау аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін

тіркеу бөлімдерінде 5 тамыздан бастап жүргізіледі.

Грантты тағайындау туралы шешім аудан, қала әкімдіктері жанынан құрылған арнайы комиссиямен қабылданады. Бүгінде 100 студенттің оқу ақысын және жүріп-тұру, тамақтану шығындарын ішінара өтеуге, әлеуметтік көмек тағайындауға облыстық бюджеттен 84,8 млн теңге қаражат бөлініп, аудан, қала бюджеттеріне жеткізілді.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»: БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Қызылордада шаңырақтың шырайын кіргізіп, отбасылық құндылықтарды дәріптеген өнегелі жаңаулар марапат биігінен көрінді. Осылайша «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысқан үлгілі отбасылардың қатары тағы да толықты. Осы күнге дейін байқауға 1700-ге жуық отбасы өтінім беріп, оның 178-і қатысуға жолдама алған. «Достық» үйінде өткен ұлттық байқаудың облыстық жеңімпаздарын марапаттау сәтінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев елімізде отбасы институты арқашан ерекше құрмет пен қолдауға ие болатынын жеткізіп, шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, отбасына берекесі сыйлаған жаңауларға құрмет көрсетті.

Қазақ халқы үшін отбасы — қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Отбасының бірлігі — отанның беріктігі, ағайынның татулығы — атамекеннің тұтастығы, ұлттық тәрбиенің, адамгершіліктің мен имандылықтың бастау бұлағы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әрбір отбасын сақтау — Отанның берік берілуінің кепілі. Олардың әрқайсысына тұтастық пен татулықтың дәстүрі орнықтыруымыз керек», — деп айтқан болатын.

2014 жылдан бастау алған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы құндылықтары мен қазақ үшін қашанда киелі саналатын бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын насихаттауда орна ерекше, тағылымды шаралар. Байқауға қатысқан отбасылардың барлығы да — нағыз мерейлі жеңімпаздар, — деді аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша жалағаштық Маштаевтар отбасы жүлделі ІІІ орынды, Шиелі ауданынан қатысқан Рысқалиевтер әулеті ІІ орынды иеленді. Жүлделі І орынды Қызылорда қаласының Ермановтар отбасы иемденсе, шіелілік Байжановтар отбасы бас жүлдеге лайық деп танылып, елордадағы республикалық сайысқа өңір атынан жолдама алды.

ЖАС САРБАЗҒА ОРДЕН ТАБЫСТАЛДЫ



Жауынгерлік қызметін орындау кезінде адалдық танытып, жеке құрамды ұйымшылдықпен басқарып, қылмыскерлерді ұстау барысында қырағылық көрсеткен № 5547 әскери бөлімінің жасақ командирі, майор Мұхит Аманбаевқа ҚР Президенті Жарлығына сәйкес ІІ дәрежелі «Айбын» ордені табысталды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жас сарбазға құрмет көрсетіп, жаңжылдық көрсеткені үшін аймақ жұртының атынан ілтипатын білдірді.

«Бұл — жауынгерлік әзірлікте, әскерлерді жоғары жауынгерлік даярлықта ұстауда, әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ, мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін берілетін марапат», — деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі батырдың әкесі Қайрат Төлебекулы мен анасы Бақытұл Ғимбайқызына патриот азаматты тәрбиелеп өсіргендері үшін алғыс айты.

«АҚЫН — ЕЛДІҢ АРДАҒЫ»



Облыстық мәдениет және спорт басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы айттыс ақындары мен жыршы термешілердің халықаралық одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы бірлесіп ұйымдастырған басқосу Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттер сарайында өтті. Айттыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы Қызылорда облыстық филиалы салтанатты түрде ашылды.

Айта кету керек, қазақтың төл өнері айттыс жастар арасында насихаттау ескеңе ұрпақты ұлттық өнерге баулу мақсатында университетте «Алтын домбыра» орталығы жұмыс істейді. Айттыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының Қызылорда облысы бойынша филиалымен бірлескен жұмыстар алдағы уақытта да жалғасына таба бермек.

Одақ филиалының студенттер сарайында орналасуы жас ақындардың шыңдалу түсініне үлкен мүмкіндік болмақ.

ТӘРБИЕ — ТӘРТІП НЕГІЗІ

Зандылықтарды қажеттандыруға әскери прокуратура қызметкерлері әскери бөлімдердегі құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтап қана қоймай, жеке құраммен тұрақты түрде жоғары жұмыстар жүргізуде.

Құқықтық тәрбие — әскери қызметке саналы көзқарасты қалыптастырудың маңызды құралы. Әскерде құқық бұзушылықтардың алдын алу, әсіресе әскери қызметшілердің өз борыштарын ең жақсы орындауы кезінде бөлімнің, бөлімшенің жауынгерлік әзірлігі үшін жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу, әскери жарғыармен және антпен қамтылатын жеке қасиеттерді бойға сіңіру ерекше мәнге ие.

Президентіміздің «Қазақстан халқына жолдауында» мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем жол бермеу қағидатын ұстануы тиіс екендігін, алдын-алу шараларының негізінде заңдарды түсіндіру жұмыстары ұтымды болып табылатынын көрсетті. Жауынгерлердің заңдарды, жарғыларды қалай құрметтейтіні,

оларды қаншалықты дәл орындайтындығы, әскерде әскери тәртіпті нығайту қажеттілігін терең түсінуі, ең алдымен, Қарулы Күштердің алдына қойылған маңызды міндеттің орындалуына байланысты. Құқықтық насихаттың сапасын арттыру көптеген факторларға байланысты. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің алдында тұрған міндеттер әскери қызметшілермен тәрбие және құқықтық жұмысқа ерекше көзқарасты талап етеді.

Маусым айында Қызылорда гарнизонының әскери прокуратурасының басшысымен әскери басқару және қылмыстық қудалау органдарының ведомстваралық кеңесі өтті. Онда әскердегі заңдылық пен құқықтық мәселелері талқыланды. Әскери тәртіпті қатаң сақтауға, әскердегі қылмысты жоюға нақты алғышарттар жасау, осы жұмыстардың маңыздылығын дрыс түсінуге, оны одан әрі жетілдіруге байланысты бірқатар нұсқамалар ұсынылды. Осы талаптардың орындалуын қамтамасыз

ету үшін Қарулы Күштерде, барлық әскерлер мен әскери құралымдарда құқық бұзушылықтардың алдын алу және әскери тәртіпті нығайту бойынша айтарлықтай бірлескен жұмыс жүргізілетінін айта кету қажет. Сонымен қатар, Қызылорда гарнизоны әскери прокуратурасымен қадағалаудағы әскери бөлімдерде қызмет атқарып жатқан жас сарбаздардың арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Прокурор сағаты» тұрақты түрде өткізіледі. Құқықтық тәрбиенің түпкі міндеті — заң талаптарын терең меңгеруді қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге әскери қызметшілердің санасына құқықтық нормаларды қатаң және мүлтіксіз жеткізу, заңдылық пен құқық тәртібі үшін белсенді күрес қажеттілігі туралы түсінік беру, құқық нормаларын сақтауды әр адамның үйренішікті ісіне айналдыру.

Ғалымжан МАХАНБЕТ, Қызылорда гарнизонының әскери прокуратура полковнигі





ЖИҢАҢКЕЗ ЖОЛЫ

Жаз мезгілі ауа бастаған шақта ел тұрғындары демалысқа бет алып, шетелге шығып, көшпелі туризмнің дамуына атсалысады. Биылдың өзінде 323 470 қазақстандық шетелге демалысқа аттанған. Ең танымал жеті бағытқа Мальдив аралдары (10 297 адам) және Черногория (4 824 адам) кірсе, шетелде демалу үшін танымал елдер тізімінің басында Мысыр – 129 347 турист, Түркия – 109 964, БАӘ – 61 764, Грузия – 4 017 және Шри-Ланка – 3 133 енген. Сондай-ақ Қазақстаннан шығатын туристердің ең көп саны шілде мен тамыз айына тиесілі екен.

Жалпы Еуропа елдеріне саяхатпен не болмаса жұмыс бабымен жүрген жерселестеріміз жетерлік. Соның бірі – Самат Сыржанов. Самат биылдың өзінде көрі құрлықтың 5 еліне барып, мәдениеті, халықтың ел ауқаты, мемлекеттің ерекшелігімен танысып қайтқан. Саматтың Еуропадағы алғашқы сапары Черногория елінен бастау алған.

ЧЕРНОГОРИЯ ТАРИХИ НЫСАНДАРМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ

Черногория қатты таңқалдырды. XII ғасырдан бастап салынған нысандар сол күйі сақтаулы. Егер заман талабына сәйкес нысанды өзгертетін болса бір ғана бұрышын коллаборация жасап, заманауи тәсілге айналдырған. Қала көшелерін жаяу аралайсың. Өйткені көлік жүретін көшелер өте аз. Жалпы Черногория туралы қызықты фактілермен таныстым. Солармен бөлісем.

Сөздік диалект байланысты қызықтар көп. Мысалы, тауықа қатысты сөзді пайдаланбаған дұрыс. Өйткені онда ол жаман сөзді білдіреді.

Черногорияда жүзден аса веб-сайт қызмет көрсетсе, барлығы автокөлік жалдау қызметтеріне бағытталған. Олардың басым бөлігі ресейліктерге тиесілі. Сондықтан тілге байланысты түсінбеушілік жоқ.

Елдің солтүстігіндегі Коноши елді мекенінде некеге отырудан бас тартқандар тұрады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бас тартқандардың саны – 60 адам екен.

ЮНЕСКО-ның қорғауында орналасқан Котер қаласында әлемнің ең тар көшесі орналасқан. Оны арнайы барып көрдім. Көшенің атауы «маған рұқсат етіңіз» деп аталады. Көшеге көлденеңнен 2 адам ғана сияды. Егер салмақты үлкен адам болса, тек жалғыз жүруге мүмкіндігі болады.

Зейтүн ағашының қасиеті мол деп санайды черногориялықтар. Өйткені екінші дүниежүзілік соғыста Черногория құлдырап, зауыттар жұмысын тоқтатып, халқы тоқырауға ұшыраған. Сонда халық зейтүнмен қоректеніп, аштықтан аман қалған екен.

Сондықтан мұнда зейтүн ағашын кесуге

қатаң тыйым салынған. Барда қаласында ең байырғы зейтүн ағашы өседі. Ол 2000 жылдан асқан.

Сондай-ақ Барда қаласында ислам дінін ұстанатындар көп. Тіпті соған сәйкес мешіт те бар.

Сапар барысында Тара өзеніне жолым түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

Корея мен Қазақстан байланысы нығая түсті. Өзеннен тікелей су ішуге болады. Өйткені Тара Еуропадағы ең мөлдір, таза өзен болып саналады.

деректері мені таңқалдырды. Соның бірыңғарына тоқталсам.

Мысалы, Оңтүстік Кореяда қызыл сиямен біреудің атын жазса, жақын арада ол адамға жаман бірдеңе болады деп сенеді. Олар қызыл сиямен жерлеу рәсіміндегі арнайы нышанға дүние салған адамдардың атын жазады. Осылайша мәйітті шайтандардан қорғауға болады деп сенеді, ал тірі адамдар үшін қызыл сия – қорғаудың емес, қарғыс тілеудің белгісі.

Оңтүстік Кореяда тематикалық саябақтар өте көп. Әрі ақылға сыймайтын тақырыптарды қамтиды. Мысалы, Samsung Electronics корпорациясының басты ғимараты ораласқан Сувон қаласында дәретханаға арналған көңіл көтеру саябағы бар. Ол қала әкімі Сим Дже Дуктың құрметіне ашылған. Ол да өз кезегінде Бүкіләлемдік дәретханалар ұйымының ұйымдастырушысы және өкілі.

Оңтүстік Кореяда пластикалық хирургияға бәрі байсалдылықпен қарайды. Сол себепті ешкім оны жасырын істеуге ұмтылмайды. Сонымен қатар мұнда жалақы өте жоғары. Тіпті, минималды жалақының өзі жоғары.

Маман ретінде тілді жоғары деңгейде меңгергендіктен қазір Кореяда жұмыс істеу маған тиімді. Оның үстіне жақсы жалақы төлеп отырған соң болашағымды осы жерден көріп отырмайын. Егер болашақта білім алу керек болса, жаңа мамандық меңгеру керек болса, Қазақстанға қайта ораламын.

Кореяның қызықты бесінші корейлік әйел қандай да бір пластикалық ота жасатады. Тіпті кейбір ата-аналар баласының мектеп бітіруіне орай пластикалық ота жасатуға екен. Көбіне отаны мұрына және қабаққа жасатады. Бұл операциялар ең оңайы, тіпті «негізгісі» десе болады. Кореяда осыған байланысты «Күруге рұқсат етіңіз» деген реали-шоу да бар. Қатысушылар операцияға дейінгі және кейінгі өмірлері жайлы сыр шертеді. Сөтіз

жасалған жағдайларда беттің жаныздандыру немесе тіпті сал болып қалу қаупі бар. Бірақ көп қыз бұл тәуекелді сәлүлүк жолында құрбандық деп түсінеді.

«Болашақ» бағдарламасымен білімін Лондонда жетілдіріп жатқан жерлесіміз Бекзат Ырза Англияны ақылдылар елі деп бағалайды. Өйткені Англияда ғылымға қолайлы жағдай жасалған.

ҰЛЫБРИТАНИЯ – МӘДЕНИЕТТІҢ ОТАНЫ
Англияда алғаш рет емеспін. Өйткені магистратураны осы елде бітірдім.

Англияда алғаш рет емеспін. Өйткені магистратураны осы елде бітірдім.

Магистратурада оқып жүріп, Ұлыбританияға ұлы сезім пайда болды. Сондықтан туризм саласын одан әрі дамыту барысында оқуымды жетілдіруге бел байлаймын. Қазір Лондонның іргесіндегі Гилфрд қалашығында қоныстандым. Өйткені мамандығымға сәйкес ең озық оқу орны бар.

Сонда белгілі ғалымдардан дәріс алуамын. Жалпы Лондон мен Гилфрдың арасы тым жақын болғанмен тыныс-тіршілігі әр алуан. Англия астанасы үздіксіз қоғалысымен танқалдырады. Түрлі ұлт өкілдері шоғырланса да бөліп жармайды. Бастысы, қоғам әр адамның жақсылығына ғана бағылмайды. Көп елдерде болсам да Лондонның адамдарға деген құрметі ерекше ұнайды. Себебі өмір сүру үшін мұнда барлық жағдай жасалған. Мысалы, қарапайым автобустағы қызметтің өзі үлкен мәдениеттілік байқатады. Білім мен ғылым өте жоғары деңгейде дамыған. Сол себепті өзге елден келетін білім алушылардың саны едәуір көп. Білім мен ғылымға негізделген базалар көп. Солардың



барлығын қарап, өз саланды дамытуға бағытталған мақалалар мен жинақтарды оқуға болады. Ұлыбританияның Ирландия, Шотландия, Уэльс секілді елдері де бар. Ол мемлекеттерде де болдым. Ол жақта тілдік диалекттерді бірден байқауға болады. Өзіме Шотландия қатты ұнады. Тарихын сақтап қалуға көп жұмыс істегені байқалады.

САЯХАТШЫЛАРДАН КЕҢЕС

Хош, шетелге шығуды мұрат тұтып, өзге елге аттанар болсаңыз, біздің кейіпкерлерден кеңес ұсынамыз. Ең алдымен, құжаттарыңыздың дұрыстығын тексеріп алған жөн. Әсіресе, паспорттағы тегіңіздің, атыңыздың, әкеңіздің атының (латын тіліндегі транслитерациясы да), туған күніңіз бен туған жеріңіздің, балаларыңыз туралы мәліметтердің дұрыс жазылғанына көз жеткізіңіз. Паспортыңыздың аяқталу мерзімін қадағалаңыз. Мерзімі өтіп кеткен немесе өтуге таяп қалған құжатты міндетті түрде ауыстыру қажет.

ВИЗА ДАЙЫН БА?

Баратын еліңіздің Қазақстан азаматтарына бағытталған визалық режимін білген абзал. Егер виза қажет болса, сол елдің дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне барып виза алу керек. Кейбір туристік агенттіктер арқылы да жасатуға болады. Визадағы мәліметтердің дұрыстығы мен мерзімін, шетелде жүруге рұқсат етілген күндердің санын да салыстырып қараңыз. Ал еліміздің азаматтары үшін визасыз режим болса, ол елде болудың ең ұзақ мерзімі мен тәртібін анықтап алыңыз. Бір

мемлекет арқылы екінші елге баруды жоспарласаңыз, онда транзиттік виза туралы да ақпарат сізге қажет.


АЙЫППІЛ МЕН БЕРШЕКТЕР БАР МА?

«Шет елге шығуы шектелген, борышкерлер тізімі және атқару өндірісі бойынша борышкерлер тізімі бойынша шет елге шығуға тыйым салынғандығының бар-жоқтығын тексеру» қызметі арқылы шетелге шығуға қойылған шектеудің бар-жоғын тексеруді ұмытпаңыз. Оны ҚР Әділет министрлігінің ресми сайтындағы мәліметтер базасынан немесе «Атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер тізімі» мәліметтер базасынан тексеріп алуға болады. Әкімшілік құқықбұзушылықтар мен төленбеген айыппұлдарды да анықтап алу керек. Төленбеген алған айыппұлдың шекарадан шығаруда үлкен тосқауыл болатынын әрқашан естен шығармау керек.

Медициналық мәселелерге мән беріңіз. Баратын еліңіздің медициналық сақтандыру қызметі жайлы да ұғысқан оң. Өйткені ол медициналық көмек қажет болған жағдайда сізге шығындарынды өтеуге мүмкіндік береді. Сапарға шығардан бұрын денсаулығыңызды тексертіп, өзіңізге жұртпаы аурулардың жоқтығы жайлы анықтама алғаныңыз абзал. Өзіңізге қажетті дәрі-дәрмекті (асқазанның, іш аурудың, тұмаудың дерліктері) ала жүрудің де артықтығы жоқ. Сондай-ақ тропикалық елдерге бару үшін дифтерия, сірпісе, полиомиелит, сары безгек секілді инфекциялық аурулардан екпе алуды ұмытпаңыз.

Е.ШӨРІБЕК





Биыл «Балалар жылы». Соған орай бірнеше республикалық байқаулар өткізіліп, кітаптар жарық көрді. Әрине, қазақ балалар әдебиетіне үлкен буын, аға буын зор үлес қосты. Дегенмен бұл тақырыпта қалам тербеп жүрген жастар да жоқ емес. Соның бірі – Айым Алтайқызы. Ертегі жанрына құлаш ұрған оның шығармалары балаларға арналғанмен, үлкендерге де ой салары анық.

ӨТКІЗЕТІН ТРЕНИНГ ТАСБАҚА

Ертеде өзген жағасында жасы 300-ден асқан көрі тасбақа өмір сүріпті. Тула бойын әкім басқан қарияға көпті көрген деп барлық жануар құрмет көрсетеді екен. Сый-құрметке бөленудің рахатын сезінген ол бір күні мынандай «құлыққа» көшеді: «Осыз да бұрынғыдай ширақ емесің, мен неге ақыл сатып күн көрмеймін?».

Осылайша тренинг өткізетін тасбақа жайлы хабар жан-жаққа тарап кетеді. Тасбақа көп жасады деген аты болмаса, өмірден түйгені аздау болатын. Бірақ келген жанның ешбірін кенесіз қалдырған жоқ. Аз ғана уақытта тасбақадан ақыл сұрауға қасқыр келіпті.

– Уа, ақсақал көмек бер. Мен түнімен ұйықтай алмай жүрмін. Айдың жарығы бетіме түссе болды, аспанға қарап ұлып шығамын. Осы әдетімді қалай қойсам болады? – дейді.

Тасбақа ойланбастан «Түнде көзіңе шүберек байлап ал. Сонда ай жарығын көрмейсің. Көрсесен, ұлымайсың. Ұйқың тыныш болады» – деп кеңес береді.

Қасқыр тасбақаның ақылна риза болып қайтады. Осылайша қасқырдың өзін тыңдата алған кемеңгер тасбақаға табынатындар көбейді.

«Қазаншының өз еркі – қайдан құлақ шығарса» демекші тасбақа да келушілерге ойына келгенді айта салатын болды.

Мойнының ұзындығынан ұялып келген керікке «Бұдан бұлай еңкейіп жүр» десе, қорқақ қонға «Әр дыбыстан үркіп жүргенше, екі ұзын құлағыңды бір-біріне байлап ал, сонда ештеңе естімей тыныш өмір сүресің» – деп ақыл айтыпты. Айналасына жан жуыптытын кіріпте инелерін жұлып тастауды ұсына, ауыр жұмыстан шаршаған есекті «Берін тастап арғымақтарың байлесе қалыс» деп жегірендіріп жіберген екен.

Тасбақаның ақылын тыңдаған жан-жануарлар оған сый-сияпат пен сүйген асын еңкейіп беретін. Өбден тойыған тасбақа ойына келгенін айтып, арам тамаққа еті үйреніп алды. Шақырған жерден кешігіп жүретін ұлуға «қарқандағы сауындыды алып таста, жеңілдеп қаласың» деп, таңертең жұмысына ұйықтап қалып жүрген өтешті «таң атпай азан шақыруды қой. Өтеш деген атың бар. Ана қарамағыңдағы тауықтарды жұмса да, жата бер» деп «күміс оқыған» да осы тасбақа.

Күндердің күнінде кемеңгерден кеңесін алуға бір балық келіпті.

– Уа, ақсақал. Дүниеде бізден гөрі көрген-білгеніңіз көп. Сізден ақыл сұрай келдім. Айтыңызшы, суда жүзіп бара жатсам ылғи да төбемнен салбырап тамақ түсіп тұрады. Кейде шұбалшын, кейде тәтті нан сияқты әртүрлі азық көрем. Айналасына ешкім бармайды. Өздері сондай дәмді көрінеді. Соларды алып жесем бола ма?

– Айналайын балыққан! Сүйген асын аспаннан салбырап алдыңнан шықса, одан неге қашасың?! Төбеден саған арнап түскен ғой. Несібеңнен қағылып жүресің бе? Қорықпай барып жей бер», – депті. Осыны естіп алып балық суға күмп береді. Жағалауда бейқам жатқан тасбақа сол жерде қала беріпті.

Ертесі күні өзген жағасына бір топ адам келіп сөйліс құрады. Солден соң жайғасып, қармақтарын шығарып, суға салып қояды. Көп ұзамай қармақтың ұшына бір балық ілінеді. Сол сәт көңілі балықты қармағын тартып қалып, олжасын шелекке тастап үлгеріпті.

Өзінің емес, өзгенің ақылна сеніп оңай олжаға құныққан балық осылайша біреудің азығына айналған екен. Осының бәрін сырттан бақылап тұрған тасбақа «обалың жоқ!» депті де күншұқтап отыра беріпті.

АЙ МЕН БҰЛАТ

Ерте, ерте, ертеде бұлттар да аспандағы ай-жұлдызбен қатарлас аспан денесі болған деседі. Сондай ескі заманда түнгі аспанды сәулесіне бөлеп, жүзінен нұр шашып тұратын айға бір шежіре бұлт ғашық болыпты. Сансыз жұлдыздың ішінен дараланып тұрған жарық ай алғашында бұдақ бұлтқа мән бермейтін. Бірақ үлгідеген аппақ бұлт Ай-аруға унау үшін түрлі пішін жасап, оның көңілін табуға тырысып бақты.

Бір аспанды мекендеп, жиі жолыға бергесін бе, әлде бұлттың балауса сезімі айды баурап алды ма белгісіз, көп ұзамай бұлт пен ай ажырамас жұпқа айналды. Желсіз тынық күндері бұлт айды көруге асығып жететін. Ай да өзінің серігін сарылып күтетінді шығарды. Осылайша бұлт пен айдың махаббаты аспан жүзіне мәлім болды. Екеуінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі күн санап арта түсті. Күміс сәулелі ай мен мақтадай ақ бұлт қатар тұрғанда сондай сұлу көрінуші еді.

Бір күні аппақ бұлт өзі жоқта да айдың жарқырап тұра беретінін ойлап қатты қынжылады. «Мен оның жанында ұзақ тұра алмаймын. Ал күндіз ол менің қасымда болмайды. Бірақ, менің де ол күллі көк жүзіне, қала берді жер бетіне сәулесін шашып тұрады. Бұлай болмайды. Ол сұлулығын маған ғана арнау керек!» деген ой оған маза бермейді. Ұзақ уақыт ішіне ашу мен ыза сақтаған ақ мақтадай үлбіреген бұлт қара бұлтқа айналып кетеді. Қара бұлттың қызғанышы махаббатынан асып түсіп, айдың бетін жауып тынады. «Бұдан бұлай сені менен өзге ешкім де көрмеуі керек. Сенің аппақ арайың да, сұлу сәулелі де енді тек менікі», – дейді бұлт бұғылып.

Сөйтіп аспанның ажарына айналған айдың бетін қара бұлт бүркеп тұрды. Адамдарға қараңғыда жол көрсетіп, жұлдыздармен еркін сырласып үйренген ай қанша қиналса да сүйіктісіне қарсы ештеңе істей алмады. Содан бері, ай сәулесін қытықтап ойнайтын толқындар да көңілсіз. Жарығынан айырылған аспан да қаңырап қалды. Адамдар да тұн болса аспаннан айды іздейтін еді.

Қара бұлттың қуанышы ұзаққа барған жоқ. Көлеңке түскен айдың енді мүлдем жарық шаша алмайтынын ұқты. Мұндай қорлыққа төзбей кеткен ай бір күні ағынан жарылады:

– Құлақ салшы қара бұлт, махаббат деген осындай бола ма? Сен мейірімнің, мен жарығымнан айырылдым. Аспанның да берекесін қашырды. Суға деген бір-бірін тұнжықтыру емес, көрінісше қолдау емес пе?

Осы сөзді естіген бұлттың жанұры жасқа толады. Ішінде жиналған қызғаныш пен өкініш тамшыға айналып, жер бетіне төгілген екен. Сол сәтте астан-кестең болып күн күріксіп, нағыз нәсер басталыпты. Бұлттың оғаш мінезін көрмеген айдың зәре құты қалмады. Біртіндеп жамбыр тамшысына айналып, гайлыққа сіңіп бара жатқан бұлт сол сәтте өз бойынан бір ұшқын шығарып оны айға сыйлайды. Бұл күн күрікпенде ғана көрінетін найзағай болатын.

– Мені кешір, ару ай. Сенің міндетің – жарқырау. Менің оған бөгет болуға хақым жоқ екен. Осы шырақты алып бойына дарытсаң, әлі де талай ғасыр сөнбей тұрасың, – деп бұлт гайып болды.

Қара бұлттың соңғы аманытын қабыл алған ай содан бері жарқырап тұрады екен. Жерге тамшы болып түсіп, көк жүзіне бу болып қайта барса да, бұлт ешқашан ғарыштағы ғашығына жете алмапты.

Күн күріксіп, найзағай жарқ етіп, аспанды қара бұлт қаптап кетсе – қорықпаңыз. Бұл, айды сағынған бұлттың күрсінгені шығар...

ҚОС ҚУЫРШАҚ

Ертеде бір шебер екі бірдей әдемі қуыршақ жасап шығарады. Сүйіспеншілікпен жасалған қуыршақтардың екеуі бірінен-бірі өткен сұлу еді. Шебер өз туындысына қызығушылар табылар деген ниетпен қуыршақтарды шағын дүкеніне апарып қояды. Қараңғы шеберханадан шығып, жарық терезенің алдындағы сөреге орналасқан екі қуыршаққа сол сәтте жан біткен екен.

Ақ көйлекті қуыршақ айналасындағы қайнаған тіршілікке қарап маз боларды. Ал күлгін көйлекті қуыршақ әйнектегі өз сұлбасына сүйсінеді. Дүкенге келген адамдардың бәрі қуыршақтардың сән-салтанатына қызықпай өтпейтін. Адамдардың өзіне ауған назарын ұнатқан күлгін көйлекті қуыршақ осы дүкенде мәңгі қалып, бәрін таң қалдыра беруді тіледі. Ал ақ көйлекті қуыршақтың аңсары терезенің сыртындағы әлемге ауып тұратын. Оның тілегі – әйнектің арғы жағындағы әлемге апаратын бір адамның қуыршағы болу еді.

Екі қуыршақ та іштей өз тілектерін қайталаудан тынған жоқ. Күлгін көйлектісі адамдар қызыққан сайын мәңгі осылай сұлу қалпында сөреде тұруды мақсат тұтты. Ақ көйлектісі адамдар өмірінің бір бөлшегі болуды қалады. Арада көп уақыт өтпестен дүкенге үш-төрт жасар қызын ертен өйел келді. Ол тоқыма жіптер сатып алып тұрғанда кішкентай қыз екі қуыршақты айналыштықпай жүреді. Өзіне адам баласының жақындағанын жақтырмаған күлгін көйлекті қуыршақ «ажарымды бұзады, маған тиіспесін» деп қабағын түйіп алады. Сүйімді қыздың қылығына сүйсінген ақ көйлекті қуыршақ оған күлімсірей қарайды.

Кішкентай қыз жүзі жылы қуыршаққа ұмтылды. Сол күні анасы мен қызы күлімдеген қуыршақты сатып алып үйге қайтты. Бұл оқиға күлгін көйлекті қуыршақты қатты қуантса керек. «Адамдардың қолында қор болғанша, сыр-сымбатымды бұзабай осында тұра бергенім жақсы» – деп оялады ол. Күн бойы кербез қалпымен келушілерді тәнті еткен қуыршақ қасына адам жоласа қабағын түйіп алатын. Сондықтан оны ешкім сатып ала қойған жоқ.

Бір күні күлгін көйлекті қуыршақ терезеден бұрынғы ақ көйлекті құрбысын көріп қалады. Өлпінде дүкенге келген қыз оны себетке салып қыдыртып жүр екен. Қуыршақ бұрынғысынан да құлпытәріп кеткен. Иесі оның шашын өріп ұшына бантик тағып қойыпты. Қанша қызықса да ол өзіне қарап қолын бұлғап амандасқан ақ көйлекті досын байқамағандай болып безеріп тұра берді. «Кішкентай қыз қызығы басылғанда қуыршақты тастай салады. Ал мен мәңгі сұлу қалпымда қалам» – деп, өзін-өзі жұбатты ол.

Арада бірнеше уақыт өтті. Терезенің алдында жылдар бойы тұрған күлгін түсті қуыршақтың кейпі адам танымастай өзгерді. Күн көзінен бояуы өшіп, сүйсінер сұрқы қалмапты.

Жыл артынан жыл жылқыды. Қуыршақтарды жасаған шебер де қартайып, өмірден озған екен. Ескі дүкен баяғылап, керексіз дүниенің бәрі қоқысқа тасталды. Қанша қаламағанымен күлгін түсті қуыршақ та қоқыс алаңына аттаныпты. Лас заттардың арасында өзінің мәнісін өткен өміріне налып жатып ол өзіне таныс бейннен байқап қалады. Байыппап қараса, баяғы ақ көйлекті қуыршақ, Құрбысын көріп қуанған ол одан өткен өмірі жайлы сұрай бастайды. «Мен ғұмыр бойы дүкен сөресінде тұрдым. Адамдар маған басында қызығып қарайтын. Кейін ешкім менің көркіме таңқалмайтын болды. Ал сен адамдармен өмір сүрдің. Өміріміз әртүрлі болса да, түбінде қоқыста жатырмыз ғой...», – деді күлгін көйлекті қуыршақ осы сөздерден медеу тапқандай.

– Білесің бе құрбым!? Мен өз өмірімнің осылай өткеніне, қазір қоқыста жатқанымға еш қалымаймын. Маған керемет отбасының мейірімді қызының ойнашығы болу бақыты бұйырды. Мен өз қожайынның өр қуынышында қасында болдым. Ал қорыққан кезде мені құшақтап жататын. Екеуіміз көшеде бірге серуендейтінбіз. Құрбыларым да маған қамқор еді. Мен ол қыздың қалай бойжеткеніне куә болдым. Есейгенде ол менімен сирек ойнайтын болды. Бірақ ешкімге айта алмайтын сырларын маған ақтаратын. Кейін қожайын қыз өсіп отбасын құрды. Сосын дүниеге келген қызына мені тарту етті. Ол балақай да маған жаман қараған жоқ. Мен сол отбасының бір мүшесіне айналып кеттім. Бір ғұмырымда қанша нәрсе басымнан өтті. Қоқысқа да кездейсоқ тап болдым. Бірақ көшпенді сөздерім мен әдемі сөттер үшін осы күніме де ризамын», – деп тіл қатты ақ көйлекті қуыршақ.

Қуыршақтар өз тілектеріне сай өмір сүрді. Тек күлгін түсті қуыршақ дүкен сөресі мен терезеден басқа ештеңе көрмей өкініп жатты. Адамның да тілегінің орындалуы қиын емес. Тек «тандаудан» жаңылмасқа балғаны...



Назерке НҰРҒАЛИ, шахматтан Қазақстан құрамасының мүшесі:

«ОЛИМПИАДА – МАНСАБЫМНЫҢ ШЫНЫ»



– Назерке, Үндістандағы олимпиада шахматтағы мансабыңда елеулі оқиғаның бірі. Жалпы құраманың қарқыны қалай, өзіңмен бірге кіндер ел намысын қорғап жатыр?

– Ие, оныңыз рас. Олимпиадаға алғаш рет қатысудамын. Бұрын соңды келмей бақ сынасам, бұл жолы команда болып Қазақстанның намысын қорғаудамыз. Мұндай халықаралық командалық дода мансабымның биік шыңы. Қыздар құрамасында менен бөлек 3 шахматшы бар. Атап айтсам, Бибасара Асаубаева, Жансая Әдімәлік және Ксения Балабаева. Әзірге жарысты сәтті бастадық. Алғашқы екі ойында Гатемала мен Бельгия құрамаларынан басым түстік. Олимпиаданың алғашқы айналысында Гатемала шахматшыларымен ойнап, 4-0 есебімен жеңіске жеттік. Екінші раундта Бельгия құрамасымен шеберлік байқасып, 3-1 есебімен тізе бүктірдік. Бұл кездесуде Бибасара екеуміз қарсыласымызды жеңдік.



Ал Жансая мен Ксения тең түсті.

– Өткен жылдан бастап ересектер арасына қосылдыңыз. Кіл мықтылар арасында қиындық туындап жатқан жоқ па?

– Өрине, қатысушылардың арасында ең жасы болғандықтан оңайға соқпайтыны белгілі. Барлығы тәжірибесі толыққан шахматшылар. Ой-ерісі де биік болады. Тактикалық жағдайда да қиындықтан әп-сәтте шығып кететіндер көп.

Үндістанның Ченнай қаласында шахматтан олимпиада басталып, әлемнің үздік гроссмейстерлері 16 тастан тұратын ақ пен қараның айқасында бақ сынауда. Бұл сында Қазақстан құрамасы жанкүйерлерді жеңіспен қуантуға асық. Құрамаға жиналған үздік шахматшылардың қатарында жерлесіміз Назерке Нұрғали бар. Олимпиада ойынында уақыт тапшы болса да Назерке жолдаған сауаламызға жауап беріп, әлемдік доданың атмосферасымен бөлісті.

Бірақ шамам шарқым келгенше сыңға түсіп, жүлдегер болуға талпынамын. Өткен жылы ересектер арасында

алғаш рет бақ сынап, шахматтың биік түрінен Қазақстан чемпионы болдым.

Шахматпен айналысып жүргеніңе 10 жылдан аса уақыт болыпты. Жалпы осы шахматтағы жолыңа қандай баға бересің?

– Кеше ғана шахматтың алғашқы әліппесін үйреніп жүрген сияқты едім. Көзді ашып жұмғанша 10 жыл өте шығыпты. 10 жыл ішінде талай қызықты сәттерді бастап өткердім. Жеңіс те, жеңіліс те болды. Өмір заңдылығы болған соң барлығы жақсы бола бермейді. Неге осылай істемедім деп өңіген кезім де болды. Бірақ осы уақыт аралығында КР спорт шебері, ФИДЕ шебері, жасөспірімдер мен жастар арасында 14 дүркін, ересектер арасында 2 дүркін Қазақстан чемпионы, 2 дүркін Әлем, 5 дүркін Азия чемпионы болдым. Мұның барлығы бапкерлеріммен бірге жасаған еңбектен келді. Өзіме баға беруден

аулақпын. Әлі де жетілдіретін тұстарым бар.

– Шахматшылардың арасында екі бапкерден тәлім алатыңдар аз. Соның бірі өзіңсің. Бапкерлерге тоқталайықшы...

– Расында спортта екі бапкермен жұмыс істейтін спортшылар некен саяқ. Өте мықты бапкерден тәлім алғанымға қуанамын. Алғашқы бапкерім Риза Қошқарова болды. Риза Тәлтайқызының мені жетілдіруде ерен еңбегі көп. Ойын бағасын үлкен деңгейге көтерді. Ал 2013 жылдан бастап қазіргі жаттықтырушымын Василий Шимелковтың қол астына өттім. Василий Владимировичпен бірге небір сынқтарды бастан өткердік. 2016 жылы нәтижелерім бірден төмендеп кетті. Қай жарысқа барсам да жүлдеден қол үзіп қалып жүрдім. Мұндай сәтте спортшыға психологиялық тұрғыда көмек көрсетілмесе құрдымға кетуі мүмкін.

Сол сәтте Василий бапкердің көмегі көп болды. Жаттыудан бөлек психологиялық дәрісті қабылдадық. Содан кейін нәтижелерім қайта шарықтап, үздіктер қатарынан көріндім. Қос бапкерім де тәжірибелі мамандар.

– Назерке, Үндістаннан олжалы оралуға тілектестік білдіреміні!

– Рақмет!

НҰРПЕРЗЕНТ – ЖҮЛДЕГЕР



Болгарияның София қаласында таеквондодан кадеттер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында Сыр өлінің сайыпқыран спортшысы Нурперзент Саматұлы қола жүлдегер атанды.

33 келі салмақта сыңға түскен Нурперзент жартылай финалда өзбекстандық спортшыға есе жіберіп, әлем чемпионатында

үздік үштікке енді. Бұл – Қазақстан командасының турнирдегі екінші жүлдесі. Бұған дейін Ярина Пуганцова күміс медаль еншілеген.

Кадеттер арасындағы әлем чемпионатының соңғы жарыс күнінде қазақстандық таеквондошылар екі қола медальды қанжығаға байлады. 49 келі салмақта Достан Нәжімханов жартылай финалда ирандық спортшыға жол берді. Нәтижесінде ирандық әлем чемпионы атанды. Сонымен қатар 61 келі салмақта Артур Пак үздік үштіктің қатарына енді. Артур финал жолдамасы сарапқа салынған жекпе-жекте ирандық Р.Зейналиден айласын асыра алмады. Осылайша қазақстандық таеквондошылар Софиядағы біріншілікте бір күміс және үш қола медаль еншіледі.

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚШЫЛАР
ТОП ЖАРДЫ

Хі жазғы Қазақстан оқушылары гимназияда-сының бағдарламасы бойынша Тараз қаласында тоғызқумалақтан Қызылорда облысының құрамасы топ жарды.

Жекелей есептің 1-тақтасы бойынша Жантөре Аманқос 3 орынды иеленсе, 2-тақтада Ырыскелді Кенжебек барлық қарсыласын жеңіп, жарыстың биік сатысына көтерілді. 3-тақтада да Самат Қалдыбек Жантөренің жеңісті жолын жалғады. Нұрай Мектепхан мен Өсем Дәуренбекқызы 4 және 6 тақтада жеңімпаз атанды. Ал Айым Ақылбек 5 тақтада үздік үштіктен көрінді.

Осылайша қызылордалық тоғызқумалақшылар гимназия ойынында сәтті өнер көрсетіп, командалық есепте бірінші орынға ие болды.

ДАРЫН ДАРА ШЫҚТЫ



Италия астанасы Римде 17 жасқа дейінгі балуандар арасында әлем чемпионатының жалауы желбіреді. Жарыстың алғашқы күнінде бозкілемге шыққан 55 көлігеді еркін күрес балуаны Дарын Әскербек әлем чемпионы атанды.

Дарын Рим бозкілеміндегі алғашқы айналымда өзбекстандық Хасанбой Усмоновтан айласын асырса, ширек финалда армяниялық Арена Сербоянды жеңді. Ал жартылай финалда германиялық Яннис Ребгольцті жарыс жолынан ығыстырып, финалға жолдама алды.

Бас жүлде үшін өткен белдесуде Дарын америкалық Джексен Патрик Форрестпен шеберлік байқасты. Аса тартысты өткен кездесудің алғашқы минуттарында Әскербек қарсыласынан 6 ұпаймен жеңіліп жатып, соңғы минуттарда тамаша әдім жасап, жеңісті жұлып алды. Қорытынды есеп – 10:11.

Бетті дайындаған: ЕШӨРІБЕК

Қонаев қаласынан бастау алған «Tartyl Fest» турнирте тартылу фестивалі Қызылорда қаласына да жетіп, шаһардағы шымырлар сайысқа түсті. Облыс әкімдігінің қолдауымен өткен фестивальде 307 адам бақ сынады.

Жарысқа қызылордалықтар тарапынан қызығушылық ерекше болды.



Оған қатысуға ниет білдірген азаматтар арасында ең егдесі 75 жаста болса, ең кішісі 6 жаста. Іс-шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов бұқаралық

сипат алған сайыстың жоғары деңгейде өткенін атап өтті. – Талай таланттарға жол ашқан Сыр өңірінде сергектікті серік еткен жастар аз емес. Олардың арасында жоғары көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндігі бар азаматтар жетерлік. Сондықтан оларға зор сенім артамыз. Ерекше сайысқа Сыр халқы белсенділік



танытқанына қуаныштымын, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Биыл 75 жасқа келген Александр Ким қарттығына қарамастан сайысқа қатысуға бел бұған екен. Турникке тартылу барысында жас кезінде бұл спортқа жақын болғаны көрініп тұрды. Ол кісі 16 мәрте тартылып, көпшілік тарапынан қошеметке ие болды.

– Мен жас кезімнен спортқа жақпынмын. Әлі де сергектікті серік етіп келемін. Соның арасында денсаулығым айтар шағымым жоқ. Жастарға айтарым, әрдайым спортқа жақын болсын, – дейді ол.

Сондай-ақ 6 жастағы Жәндәулет Бағдатұлы 16 мәрте тартылып, жарысты ұйымдастырушылар тарапынан оң бағасын алды.

Сайыс үш сағат кейін мәресіне жетті. Ұйымдастырушылар жүлдегерлерді анықтауға назар аударды. Қатысушылардың кейбірі бірдей көрсеткішке жетті. Сондықтан олар тағы бір мәрте бақ сынауға мүмкіндік алды. Сол арқылы жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Айта кетерлігі, қызылордалық сайыскерлер арасынан 18-30 жастағылар (65-80 келі) аралығында сыңға түскен Ақберен Қуандықов бұған дейінгі рекордты жаңартуға жақын қалды. Ол турникке 40 мәрте тартылды. Ал 25 жастағы Елжан Мәлімбаев пен жасөспірімдер санаттағы Родион Цой әрқайсысы 38 ұпайдан жинады. Айта кетсек, бұдан бұрын шымылентіп тұрғын Азамат Сапар турникте 41 рет тартылып, рекордтық көрсеткішке жеткен еді.

Фестиваль соңында көпшілік эстрада жүлдызы Мирас Жүгінісовтің қатысуымен өткен концертті тамашалады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов, «Дара» таланттарды қолдау қорының басшысы Нұрлан Қоянбаев, жоба амбассадоры, қоғам қайраткері, жаттықтырушы әрі актер Айтым Жақыпов марапаттады.

Еске сапсақ, «Tartyl Fest» бұған дейін Талдықорған, Алматы, Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларында жалғасын тапты. Фестиваль еліміздің 20 қаласында ұйымдастырылып, әр қаладан 27 жеңімпаз анықталады. Олар Нұр-Сұлтан қаласында өтетін гранд-финалға қатысады деп күтілуде.

Гранд-финалдың жүлде қоры – 54 млн теңге. Ал, гранд-финал чемпиондары Street Workout бойынша Әлем чемпионатына қатысады.

Бұрын біреудің туған күні бола қалса «қандай сыйлық береміз?» деп ойланатынбыз. Осыдан 10 жыл бұрын сыйлықтардың сұраныстағы түрі қол сағат, ис су, өміяан сынды тандаудан тұратын. Бүгінде оған бас қатырмайсыз. Техниканың дамыған тұсында сыйлық табу қиынға соқпайды. Әлеуметтік желі арқылы әртүрлі өнімге жарнама бар. Көз жауын алатын дүниелер кәсіпкерлердің өз қолынан шығады. Мәселен, әшекей бұйымдар. Картинамен қуантатындар да бар. Оның үстіне қазір олар ерекше дизайнға дайындалады.

ӨНІМДІК — ДЫБЫСТЫҚ

Дыбысталған картинаға енді ғана сұраныс артты. Оның ерекшелігі дыбысты есту үшін астындағы QR-кодты телефонның камерасымен түсіру керек. Сол кезде картинаға енгізіледі.



Осылайша басқа қалаға тапсырыс беріп, «Қазпошта» АҚ арқылы алдырдым. Көңілімнен шыққан соң жақындарыма сыйлық жасай бастадым.

Өзіне

зілген музыканы тыңдай аласыз. Байқағанымыздай, бұл кәсіп Ақтөбеді белең алған. Сыр өңірінде енді ғана қолданысқа енуде. Кәдімгі картинадан ешқандай айырмашылығы жоқ. Бірақ ішінде керемет құнды дүниелер сақталған. Өз қалауыңыз бойынша ұнаған әуенді енгізе аласыз. Айфон арқылы қарапайым камераны ашып, тыңдауға мүмкіндік қарастырылған. Ал андроидтерде qrscan-легр қосымшасы арқылы осы мүмкіндіктер жүзеге асады. Картинаны дайындауға екі немесе үш күн уақыт кетеді. — Маған бұл картина бір көргеннен ұнады. Қалай да қол жеткізуді ойладым. Өрі-бері қаладан шығып қапар деген үмітте болдым. Десе де таба алмадым.

ұнайды-ау деген видео мен музыкаларды жүктеттім. Менен көріп достарым да, таныстарым да сұрап алып жатты. Біз жас болған соң трендтен қалмауды қалаймыз. Кімде әдемі дүние бар, кім не нәрсенен әуестенеді соның барлығын біліп отырамыз. Сондықтан қатарымнан қалғым келмейді, — дейді әлеуметтік желі арқылы тапсырыс берген тұтынушы Әсел Тұрғанбай. «Сатып алынған зат қайта қабылданбайды» дейді көп сауда орындары. Десе де тренд картина көңілден шықпаса қайтарып беруге әбден болады. Бұл Әсел атап өткендей, өздеріне сенімді кәсіп иелерінің ғана қолынан келері анық. Жаңа тренд сөнінен қалмақ емес.

Мәлдір САБЫРЖАН

МҰЗ СТАҚАНЫ, ТӘТТІ КАРТОП ЖӘНЕ АЙС-КОФЕ

Аптап ыстық басталғанда әлеуметтік желіде мұз стақандары танымалдылыққа ие болды. «Тік-Ток» платформасында миллиондаған қаралым жинаған мұз стақандары кейіннен шағын бизнеске айналды. Арнайы пластикалық ыдыстың ішіне мұз кубиктері салынады, осылайша кез келген уақытта дүкендерден сатып алып, ішіне қалаған сусыныңызды құя аласыз. Бұл шағын бизнес біздің де қаламызға келді.

Аталған кәсіп Солтүстік Кореяда өте танымал. Идея сол жатқан жерде және бір күн ішінде жүзеге асырды. Өнімді сату жағынан ешқандай қиындық болмады. Күніне 100-120 данаға жуық «Iceberg» мұз стақаны дүкендерге өткіздік. Бастапқыда мұз кубиктерін қолдан жасадық, алайда бұл процесс қиындық туғызғандықтан «Magpili» супермаркетінен сатып алдық, — деді кәсіпкер Әбілхайыр Ергалиев.

Жыл сайын сұранысқа ие болатын өнімдердің тізімінде кофе бар. Ыстық кофеңің орнын бүгінде айс-кофе басты. Мұзды кофе жасаудың бірнеше әдісі бар. Бірінші жағдайда дайын ыстық сусын қажетті температураға дейін салындытылады, екіншісінде ұнтақталған дәндерді суда ұстау арқылы дайындалады. Ал көптің іздеп жүріп алатын сусындарының қатарына смузи мен лимонад кіреді. Смузи — сүт, шырын, мұз, балмұздақ қосылған, блендерде араласқан жеміс-жидектер, көкөністер түріндегі тәтті, қою сусын. АҚШ елінде ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында пайда болды. Бастапқыда жоғары сұранысқа ие болмаған. 1984 жылғы Лос-Анджелестегі Олимпиадамен тікелей байланысты деген нұсқа бар, сол үшін «стақандағы тағам» арнайы жасалған. Кейіннен арнайы бар пайда болып, онда тек мультитивтаминді кешендермен байыылған смузилер дайындалған. Қаламыздағы сусындардың сұранысын білу мақсатында «Wellsober» кофеханасының аға-баристасы Рухат Бердалыммен тілдестік. Оның айтуынша, көлушілердің саны әр кезде өртүрлі, бірақ жобалап айтқанда кемі 80-100 адам аралағында. Жаз кезінде көлуші көп. Жазда сұранысқа ие топ 3 сусын — шоколадты фрэппе, апельсин, банан, шабадалы смузи және киви-лайм лимонады.

Кеші серуенге демалыс паркіне немесе орталық алаңға барсақ, балалардың жанарына таяқшадағы чипстер көзге оттай басылады. Атауы ағылшын тіліндегі «chips» сөзінен шыққан, «тілім» деген мағына білдіреді. Чипстердің пайда болу тарихы 1853 жылдан басталады. Уақыт өте келе картоптың мүлдем жаңа түрі — таяқтағы спиральді чипстер танымал болды. Чипстерді сатып алушының көз алдында дайындайды. Ол үшін тек балғын картоптар таңдалып, дәмдеуіштер себіледі. Сатып алушыларды чипстердің ерекше дизайны, олардың ерекше хош иісі мен қызыл қабығы қызықтырады.

— Алматы қаласында жүргенімде көшеден таяқшадағы ерекше чипстерді көрдім. Біздің қаламызда бұрын-соңды болмағандықтан, неліктен бізге де осындай жасасамыз деген ой келді. Осы кәсіпте 2018 жылдан бері жұмыс істеймін, — деді Данияр Қалдыбаев.

Өлемдегі ең танымал, жоғары сұраныстағы келесі өнім — тәтті мақта. Америкада оны «мақта тәттісі», Англияда — «сиырлы жібек жігі», Италияда — «кәнт иірілген жігі», Францияда — «атаның сакалы» деп атады. «Ежелгі Римде қант жүніне ұқсас тәттілер шығарылған, бірақ өндірістің күрделілігіне байланысты өте қымбат болған» делінетін мәліметтерге ешқандай дәлел табылған жоқ. Бірақ тәтті өнімнің «туған күні» 1853 жыл екені расталған. Сол жылы Уильям Моррисон және Джон Уартон мақта қамтитын жасау машинасын

ойлап тапты. Жаңа өнімнің құны қымбат болса да адамдар тәттіні сатып алуға дайын болды. Моррисон мен Уартон алғашқы жәрмеңкеде 68 мыңнан астам тәтті мақта сатқан. Сол кезеңдегі танымалдылығын әлі күнге дейін жоғалтпаған өнім қанттың шарықтаған бағасына да қарамады.

Қалалық демалыс паркінде жұмыс атқаратын жеке кәсіпкер Гүлжанат Сансыбаеваның айтуынша, ол тәтті мақта сатуды 20 жыл бұрын бастаған. Ең алғашқы бағасы 50 теңгеден басталған. Қазір бұл кәсіпке келуші көп. Қант бағасының қымбаттауына байланысты барлық кәсіпкерлер мақтаның бағасын 300 теңгеге көтеруге келіскен.

Қанша жерден қымбат-таса да көлушілердің саны басым екенін айтты.



Күн райына қарамастан самаурыңа шай қойып, қазанға ет асатын қазақы қоғамда «Ас — адамның арқауы» мәтелі басты орында. Бірақ алптап ыстық келгенде жастар арасында «Ет дегенде бет бар ма?» дейтіндер азаяды. Кей тағамдардың орын жаз мезгілінде тез дайындалған өнімдер басады. Өрне, тамақ секілді күш бермесе де кеші серуенге шыққан әр адам бір-бір тәттіден ауыз тиеді. Осы жазда сұранысқа ие болған, «трендтегі» өнімдерге шолу жасасқ.



Байқағанымыздай, жоғарыдағы өнімдерге жастар арасында сұраныс көп. Сондықтан да кәсіпкерлер ерекше үлгідегі бизнесті қолға алғысы келеді. Кофесүйер қауымның саны да күн санап көбейіп келеді. Сондықтан болар әр дүкеннің жанынан кофехана ашылған. Кезек күтіп тұрмайсыз. Өзіңіз қалаған кофеңі сол жерден өзіріп аласыз. Бұл — қызылордалық кәсіпкерлердің тағы бір ерекшелігі.


Әлия ТӘЖІБАЙ

JULDYZ - JORAMAL

(4 – 10 тамыз)



Тоқты
Жұлдыздар өткен күнді ұмытуға кеңес береді. Сонымен бірге алғашқы махаббатты да естен шығармаған жөн. Жүрегіңді жаралаған адамды ойлай бермей, өмірге өзге көзқараспен қарау көрегің ескеріңіз. Сонда ғана махаббатта жолыңыз болмақ.



Торпақ
Жер дөңгелек екеніне тағы бір мәрте көз жеткізесіз. Бұрынғы жақыныңыз сізге жақын жерден жұмысқа орналасады. Оны күнде көру көрегіңе қынжылмаңыз. Бұл келенісідік сізге тағы бір мүмкіндік беріп тұр.




Еріз
Егер артық салмақпен күресуді көздеп жүрсеңіз, спортпен шұғылданыңыз. Сонда ғана ойлаған ойыңыз жүзеге асады. Салмақтан да арыласыз. Алтағы қызықты өткізу үшін жақсы жоспар құрыңыз.



Шаан
Жеке өміріңізде жағымды жаңалықтар орын алмақ. Бұл жағдай сізді ерекше қуанышқа бөлейді. Алта кәсібіңізді дөңгелектеу, жетістікке жетуге қолайлы болмақ.



Арыстан
Айналаңызда қызықты оқиғалар орын алады. Жұлдыздар ешқайсысына араласпауға кеңес береді. Көпшілік ортада көзге түспеуге тырысыңыз. Шығармашылық жандарға алта тиімді болмақ.



Бикеш
Аптада сәттілік серігіңіз болады. Кәсіби біліктілігіңізді арттырып қана қоймай, өзіңіз де өзгелерге білгеніңізді үйретесіз. Жұлдыздар жұмыс ауыстыруға кеңес береді. Бұл — жетістікке жетудің бір жолы.




Таразы
Апта ерекше тосынсығға толы. Өзіңіз жақсы танытын адамның өрсі қылық танытуы сізді таңқалдырады. Дегенмен ненің жақсы, ненің жаман екенін білетін уақыт келді. Достың да қастық жасайтынына көз жеткізесіз. Сақ болыңыз.



Сарышаян
«Біреуге ор қаза, өзін түсесің» деген тәмсілді естен шығармаңыз. Ақтан шалу кісілікке жатпайды. Жұлдыздар ешкімнің ісіне араласпауға кеңес береді, сонда ғана жұмысыңыз жеңілдейді.



Мерген
Белсенділік танытып, барлық шаруаға үлгерімін десеңіз уақытты үнемдеңіз. Тек нақты тапсырмамен айналысыңыз. Аптада жақын жандарға көңіл бөлуі ұмытпаңыз.



Тауешкі
Арқаны кенге салып, тыныштықта демаламын деп ойласаңыз, қателесесіз. Тапсырма көп, олардың барлығын тез орындау қажет болады. Сондықтан уақыттың қадірін біліңіз.



Суқұйғыш
Жаман ойлардан аулақ болыңыз. Сонда ғана денсаулығыңызға өз қауіп жоқ. Көп нәрседен күдіктеніп, өз-өзіңізге ауру шақырмаңыз.



Балықтар
Өріптестік қарым-қатынаста сақ болыңыз. Кікілжінен бойыңызды барынша аулақ ұстаның. Жақын арада іс-сапармен өзге өңірге сапарға шығасыз. Көп адамдармен танысып, дос қатарын көбейтесіз. Жұлдыздар денсаулыққа жіті мен беруге кеңес береді.

Көзекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7413
Тапсырыс: 1283